

РАЗДЕЛ 3

МЕНЕДЖМЕНТ, МАРКЕТИНГ В РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКЕ

Е.Б. Жатқанбаев, Г.У. Макенова

КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСІН РЕТТЕУДІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Көші-қон барлық кезеңдерде болған. Жер бетіндегі адамдардан орналасуы, ол да көші-қон. Әрине, өткен кезеңдерде көші-қонның көлемі мен іс-әрекеті түрліше болған. Ежелгі уақытта да халықтар көші-қоны халықтың орналасуы мен тайпаларға үлкен әсерін тигізген. Бір жерлер екіншілерге ауысып, өз иелерін өзгерткен. Мысал ретінде, халықтың Ұлы орын ауыстырулары, яғни европалықтардың Америка жаңа материгіне орын ауысулары, осының бәрі адамзаттың тарихи дамуына өз әсерін қалдырған. «Көші-қон» терминінің ұзақ уақыт бойы нақты түсініктемесі болмады. «Көші-қон» (миграция) - термині (латын тілінен «migratio») халықтың өз территориясы арқылы немесе басқа территория арқылы тұрғылықты мекен-жайынан уақытша немесе ұзақ уақытқа және мүлдем орын ауыстырулары.

Көші-қонның мағынасын әркім әртүрлі түсінеді. Біріншіден, көші-қонның іс-әрекеті мен мақсатына байланыссыз кеңістіктегі жалпы қозғалысы. Оған мыналар жатады:

- Халықтардың бір жерден екінші жерге көшуі;
- Тұрақты мекен-жайынан тыс жерге оқуға немесе жұмысқа баруы;
- Демалу немесе іс-сапарға орын ауыстырулары.

Кейінгі уақыттағы зерттеулерде көші-қонның мынадай түрлері кездеседі. Осы түрлерін және пайда болу себептерін 1-кестеден көре аламыз.

1-кесте

Көші-қон үдерісінің кезеңдерге байланысты пайда болуы

№	Кезеңдері	Көші-қон түрлері	Себептері
1	2	3	4
1	1917 жж.	Мәжбүрлі, маятникалық көші-қон, қайтып оралмайтын, уақытша	Қазан төңкерісі
2	1920-1940 жж.	Ұжымдық, мәжбүрлі	Тоталитарлық жүйе, жер-су реформасы, күштеп ұжымдастыру және қуғын-сүргін, күштеу саясаты
		Эмиграция («эмигрант» термині қалыптасты) 1922 ж.	Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) негізіндегі конференция
		Мәжбүрлі көші-қон, қайтып оралмайтын, уақытша	Қазақстандағы ашаршылық
		Мәжбүрлі көші-қон, уақытша	Қазақстандағы ұжымдастыру және көшпенді халықты жаппай отырықшыландыру кезеңі
3	1941-1945 жж.	Мәжбүрлі көші-қон	Соғыстан кейінгі қалпына келтіру мен орын ауыстыру (эвакуация), 1941 жылы 28 тамызы КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Еділ бойы немістерін жер аудару» жарлығы
4	1945-1960 жж.	Уақытша	Халық шаруашылығын қалпына келтіру
5	1920-1940 жж.	Мәжбүрлі, уақытша көші-қон	Күштеп қоныс аударғандарды кері қайтару
6	1954-1962 жж.	Уақытша көші-қон	«Тың және тыңайған жерлерді игеру» үдерісі
7	1979 ж.	Эмиграция және иммиграция	Украин, орыс, беларус ұлттарының қазақ жерінен кетуі және Ресей, Түркменстан, Өзбекстан жерінен қазақтардың оралуы

8	1990 жж	Мәжбүрлі көші-қон, маусымдық, заңсыз, қайтып оралмайтын көші-қон	Одақтық мемлекеттердің ыдырауы
9	1991 жж.	Отбасылық иммиграция, кезеңдік, уақытша, маятникалық, қайтып оралмайтын, маятникалық	Нарықтық қатынастарға көшу
10	2008-2010 жж.	Мәжбүрлі (босқындар), маусымдық, заңсыз көшіп-келушілер (эмиграция мен иммиграция, ішкі және сыртқы көші-қон), уақытша, кезеңдік көші-қон	Мемлекеттер ішінде туындаған әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық және әлемдік дағдарыс

Әдебиет көзі: автор құрастырған

Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша осы жоғарыда аталған көші-қон түрлерінің барлығы бар, соның ішінде бөліп қарастыратын болсақ, солтүстік және оңтүстік астанада, басқа да қала орталықтарында мигранттардың барлық түрлері жиі кездеседі. Өндіріс орындары және сауда-саттық, құрылыс объектілерінде арзан жұмысшылар ағымы да орын алады. Алматы қаласындағы сауда-саттық, құрылыс жерлеріне қоныстанғандар саны тек ішкі көшіп-қонушылармен ғана емес, сонымен қатар ТМД және ТМД-дан тыс елдерден келетін кейінгі кездегі толқулар да аз емес. Кейінгі уақыттағы оралмандардың басым көпшілігі оңтүстік өңірлерге орналасуы солтүстікке қарағанда үлкен көлемді құрап отыр. Оны мемлекеттік квотаға сұранысы арқылы анықтауға болады. Оралмандардың көбі квотаны солтүстіктен алып, уақыты келгенде оңтүстікке қоныстануы жиі кездесіп отыр. Мемлекеттік квотамен келіп жатқан азаматтармен қатар, квотадан тыс келушілер саны азаяр емес.

80-жылдардың аяғында Одақтық мемлекеттерде қайта құру үдерісінің басталуы мен құқықтық мемлекет құруы туралы жарияланды. Одақтық мемлекеттер ыдырағаннан кейін Совет Одағының елбасы Б.Ельцин құқықтық мемлекеттің құрылуына көшті. Алғашқы екі жыл бойы егемендік алған Ресей мемлекетінде «Азаматтық туралы» Заңы 1991 жылдың 28 қарашасында қабылданды. «РФ азаматтарының өз өңірінде еркін түрде қозғалу және тұрғылықты жерді ауыстыру еркі құқықтары» 1993 жылдың 25 шілдесінде белгіленді. «Босқындар» және «Мәжбүрлі қоныстанушылар» Заңы 1993 жылы 19 ақпанда қабылданып, 1992 жылы Ресей Федерациясы халықаралық келісімдеріне, соның ішінде 1951 жылғы Конвенцияға және 1967 жылғы «Босқындар мәртебесі» Протоколына қол қойылды. Осы заңдар батыс үлгісі негізімен бекітілген еді. Қабылданған заңдардың өз қайшылықтары болды. Мысалы, 1995 ж. 17 шілдедегі №713 заңына сәйкес «РФ азаматтарының тұрғылықты орны мен орналасқан жеріне тіркеуге тұруы» мәселесі тіркеуді қатаң бақылауға алып, бір мезетте келесі «Еркін түрдегі қозғалыс» заңы қабылданып, тіркеуді жоққа шығаруы.

Ресейдегі 90 жылдардағы көші-қон үдерісі бір-біріне қайшы екі факторлармен анықталды, яғни деструктивті және конструктивті.

Біріншісіне, 15 Одақтың ыдырауы, этникалық қақтығыстар, саяси тұрақсыздық және экономикалық дағдарыс. Осы факторлар халықтың санының кемуіне, табиғат заңының бұзылуына, нәтижесінде үлкен көлемдегі босқындар мен репатрианттардың, этникалық қозғалыстардың өршуіне әкелді.

Екінші, деструктивті факторына саяси ашық есіктердің пайда болуы, халықаралық көші-қон жүйесіне Ресейдің қосылуы, нарық жүйесіне мемлекеттердің өтуі де өз әсерін тигізді. Осы аталған факторлар еңбек иммигранттарының өсуіне, деструктивті фактордың тұрақсыздығына әсер етуші негізгі амортизаторына айналды.

Ресей жеріндегі көші-қон үдерісі өсімінің 3,4 млн.-ға көтерілуі, 1989-1999 жылдардағы онжылдықпен салыстырғанда 1,8 млн. қоныстанушыға қарсы көлемге тең. Ресейдегі көші-қон үдерісінің өсімінің көбеюі, ішкі қоныстанушылардың азаюынан 4,7 млн.-нан 1,8 млн.-ға дейін (жылына шаққандағы саны) өзгерді. Халықтардың кетуі солтүстік және шығыс өңірлерінен орталыққа мемлекеттің оңтүстік-батысына ауысуы орын алды. Көші-қон байланыстары ТМД елдері бойынша (Украина мен Беларусь елдерінен басқа), сонымен бірге Балтық елдері арасында біржақты айырбастар қалыптасты, Ресей аймағына кету тоқтады.

Осы үш мемлекет арасында қазір екі жақты айырбас үдерісі орын алады, бірақ көлемі Одақ ыдыраған уақытқа дейінгіден аз. Балтық және ТМД елдері арасындағы көші-қон үдерісі мәжбүрлі түрде болды. 1994 жылдан бастап, Ресей еліне ұлттық нәсіліне қарамастан, келушілер саны көбейді. 1994-1999 жж. ішінде 800 мың қоныстанушылар, олардың басым көпшілігі тұрақты қоныстанып, алып-сату және еңбекпен қамтылу негізінде жүрді. «Еркін түрдегі қозғалыс» заңын енгізгеннен кейін заңсыз иммигранттар ағымы өсе түсті. 2009 жылғы ТМД елдері бойынша қозғалыстар, яғни келгендер – 222 417 адам, кеткендер – 17 073 адам және көші-қон айырымы +205 344 адамды құрады. [1]

1990 жылдан бастап, Ресейде көші-қон үдерісінің жандануы тек Одақ мемлекеттері арасында ғана емес, сонымен қатар Еуропа елдерімен жалғасты. Осы аталған жылдары Еуропада көші-қон үдерісінің ағымы Ресейге қарағанда төмен болды. 1990 жылдан бастап, Ресей әлемдегі иммигранттарды қабылдаушы үшінші мемлекетке айналды. Орташа шамамен 1992-2002 жж. (жыл сайын) АҚШ - 924 мыңдай адамды, Германия - 865 мың адамды және Ресей - 609 мың адамды қабылдай бастады. [2]

Жыл өткен сайын Ресейдегі көші-қон үдерісін қабылдау географиялық ортаға байланысты өзгеріп отырды. Алғашқы жылдары еуропалық бөлігі, оның оңтүстік өңірлері, яғни Солтүстік Кавказ, сонымен қоса, Орталық жерорталығы, Волга жері мен Орталық өңірлер қабылдады. Бірер уақыт өте Орталықтан шығысқа қарай орналасуы, сол өңірлерге оңтүстік Урал, оңтүстік-батыс Сібір жерлеріне қоныстану басталды. XX ғасырдың 90 жылдардағы негізгі көші-қон ағымы көбеюінің негізгі себебі ортаазиялық өңірлерге жақын орналасуында. Осының нәтижесінде Ресей Федерациясының 38 жерінде 90 жылдардағы көші-қон үдерісінің үлес салмағы 10 мың халыққа шаққандағы шамасы 100 адамды құрап, 11 аймағында – 200 адамға тең болды. [3]

Ресей мемлекетіндегі соңғы уақыттағы қалыптасып отырған жағдайы, яғни «Еркін түрдегі қозғалыс» заңына сәйкес қоныстанушылардың көбеюі қатаң түрде реттеуді қажет етеді, өйткені Федералды көші-қон қызметінің сарапшылар мәліметтері бойынша заңсыз қоныстанушылар саны 5,5 млн. адамды құрап, оның 3,5 млн. заңсыз жұмыстармен айналысатыны белгіленген. Ресей орталығы Мәскеу қаласы заңсыз қоныстанушыларды қабылдаушы өңірге айналды. Мәскеу және оның өңіріне орналасқандар саны тұрғылықты халықтың алтыншы бөлігін қамтыды. Мәскеу облысының ҚІБ (ГУВД) мәліметтері бойынша заңсыз келген еңбекші иммигранттар саны Тәжікстаннан - 28 %, Өзбекстаннан - 24 %, Молдавиядан - 22% және Украинадан - 18 % -ды құрады. Нақты уақыттағы осы аталған иммигранттардың қызмет етуші жұмыс сфералары – құрылыс (жалпы шетел жұмыскер-лерінің 55 %), өнеркәсіп (21 %), көлік (12 %), ауыл және орман шаруашылығын (9 %)-ды қамтиды. [4]

Келесі 2-кестеде Ресей Федерациясының көші-қон үдерісі көрсетілген. Осы кестеде 2008 жылды 2009 жылмен салыстыру негізінде қарастырылған және белгіленген жылдардағы көші-қон айырмасы барлығы бойынша оң таңбаны көрсетіп отыр. Барлық келгендер мен кеткендер бойынша өсімі 210446 оң көрсеткішке тең. Көші-қонның негізгі саны халықаралық көші-қон және ТМД елдері көші-қоны басым көпшілігін құрайды.

2-кесте

Ресей Федерациясы көші-қон үдерісінің жалпы көрсеткіштері

Қозғалыстар	2009 ж. қаңтар-қараша		2008 ж. қаңтар-қараша	
	абсолютті шама (адам)	10 мың адамға	абсолютті шама (адам)	10 мың адамға
1	2	3	4	5
Барлығы				
келгендер	1 637 644	138,6	185479	156,8
кеткендер	1427198	120,8	1653386	139,8
көші-қон өсімі	+210446	+17,8	+201409	+17,0
Ресей өңірі бойынша				
келгендер	1399755	118,5	1619537	136,9
кеткендер	1399755	118,5	1619537	136,9
көші-қон өсімі	-	-	-	-
Халықаралық көші-қон				
келгендер	237889	20,1	235258	19,9

2-кестенің жалғасы

Кеткендер	27443	2,3	33849	2,9
көші-қон өсімі	+210446	+17,8	+201409	+17,0
ТМД елдері бойынша				
келгендер	222417	18,8	217985	18,4
кеткендер	17073	1,4	21951	1,9
көші-қон өсімі	+205344	+17,4	+196034	+16,6
ТМД тыс елдері бойынша				
келгендер	15472	1,3	17273	1,5
кеткендер	10370	0,9	11898	1,0
көші-қон өсімі	+5102	+0,4	+5375	+0,5

Әдебиет көзі: Ресей Федералды статистика қызметі, 2008-2009 жж.

Ресей жеріндегі көші-қонның басты себептері Қазақстан мемлекетіндегі көші-қон үрдісінің себептерімен байланысты. Олар негізінен жұмысбастылық, жоғарғы жалақы, әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақтылық болып отыр.

РФ-ң 2009 жылғы көші-қон үдерісін реттеуде 2 200 түрлі жұмыстар жүргізіліп (2008 жылы 1504 адамға), иммигранттар түрлі әкімшілік жазаға тартылды. Соның ішінде 5 300 шетел азаматы көші-қон заңдарын бұзуда құрыпталған, оның 3 400 қытай азаматтары, 1500 ТМД елдері азаматтары. Нәтижесінде 2009 жылы Ресей Федерациясы өңірінен 700 шетел азаматтары шығарылған, оның 500-і қытайлықтар, 10-ы әзербайжандар, 20-ы тәжік елінен, 50-і өзбек жерінен және 10-ы Украинадан және уақытша келген 1 470 шетел азаматының уақыты қысқартылған. 2009 жылғы көші-қон заңын бұзғандары бойынша 5 200 шешім шығарылып, жалпы шамамен 27,5 ресей млн.рублі айыппұлы салынған. Ресей көші-қон қызметі Басқармасының осындай нәтижеге жетуі басқа да бақылаушы құрылымдармен бірлескен қызметінің жемісі деп түсінеміз. [5]

Ресей Федерациясының көші-қон саясатын 2010 жылға дейінгі уақытқа жетілдіруде мына мәселелер қарастырылады.

РФ-ң көші-қон саясаты келесі жұмыстардың орындалуына жәрдемдесуі қажет:

- Нарықтық қатынастардың дамуына;
- Демократиялық қоғамның қалыптасуы мен азаматтардың құқықтарының қорғалуы;
- Ресей мемлекетінің ТМД және Балтық елдері қатынастарының нығаюы;
- Халықаралық еңбек нарығындағы Ресей интеграциясы;
- Мемлекеттің қауіпсіздігінің нығаюы, қалыптасқан қауіп-қатерлердің жеңіл немесе мүлдем шешілуі.

Меніңше, нақты қазіргі нарықтық қатынастардың терең етек жайған уақытсында көші-қон үдерістерінің түрлерінің өсуіне әкелді, бірақ осы үдерістерге нақтылы бақылау уақытылы жүргізілсе, кейінгі туындайтын қиыншылықтар деңгейі төмендер еді. Азаматтардың қай жерде болмасын құқықтары қорғалуы әрине тиіс, бірақ қоныстанған жерлерінде заңсыз қызметтердің орын алуына жол бермеуі қажет. Бұрынғы Одақ елдері арасында көші-қон үдерісіне байланысты бірлескен қызметтерді тереңдету керек. Кез келген егемен мемлекет өз өңіріндегі қиыншылықтардың болдырмауын қалайды, осы мақсатта мемлекет қауіпсіздігін қорғауда негізінде көші-қон үдерісі ағымының терең өсуін уақытсында бақылау басты мәселе. РФ-ң көші-қон саясаты осы аталған жұмыстардың орындалуына жәрдемдесуші факторларына тоқталуын дұрыс белгілеген деп ойлаймын.

Ресей Федерациясының қысқа мерзімдегі көші-қон саясаты өзекті мәселелердің шешімінен және ұзақ мерзімдегі мақсаттардан алшақ кетпеуі тиіс. Ресейдің көші-қон стратегиясы болашақтағы демографиялық жағдайлардан туындайды. Ресей сарапшыларының болжамдары бойынша 2005 жылдан кейін еңбекке жарамды халықтардың табиғи өсімі төмендейді, жылына 1 млн. адам шамасында. Жалғыз ғана еңбек ресурстарын көбейтудің қосымша көзі болатын иммиграция үдерісі. Яғни осыдан шығатын қорытынды, ол Ресей Федерациясының көші-қон саясатының болашағы, ол иммиграциялық саясат болып отыр.

Ресей Федерациясының көші-қон саясатының бағыттары мынадай:

- Халықтардың еркін қозғалыстарын қамтамасыз ету;
- ТМД және Балтық елдері репатрианттары мен көшіп-қонушыларына ұтымды жағдайларды қалыптастыру;
- Босқындар мен мәжбүрлі қоныстанушыларға көмек көрсету;
- ТМД және Балтық елдеріндегі орыс тіліндегі сөйлейтін халықтардың құқықтарын қорғау;
- Алыс шетелдерден келген еңбек көші-қоны мен иммиграциясын реттеу;

Халықтардың еркін түрдегі қозғалысына келетін болсақ, онда қазіргі нарықтық экономиканың негізгі белгісі ол еркін түрдегі қозғалыстар. Өйткені, «РФ азаматтарының өз өңірінде еркін түрде қозғалу және тұрғылықты жерді ауыстыру еркі құқықтары» 1993 жылы 25 шілдедегі белгіленген Заңы негізінде жүргізіледі. Осы заңға сәйкес келесі жұмыстар жүзеге асырылады.

біріншіден, тұрғылықты жерге тіркеуге тұру үдерісі, яғни екі мекеме арасына жұмыстардың бірлесуі арқылы және үкімет комиссиясы негізінде жүргізілуі тиіс. Ол үшін келесі жұмыстар орындауы керек:

- халықтарды тіркеуге алудың басқа, тиімді жолдарын енгізу (тіркеу арқылы, көшіп-қонушыларды саусақтардың бедерімен анықтау (дактилоскопия) және т.б. әдістері);
- қазіргі жұмыс жасап отырған жеке меншікті қорғау механизмдерін жетілдіру (әсіресе, баспананы жоғалтып алу қаупімен баспана иелерінің халықтарды тіркеуге алу қорқыныштары);

екіншіден, Ресей Федерациясының басым көпшілік өңірлеріндегі тұрғылықты жердегі тіркеуден өтуге шектеуден бас тарту, соның ішінде Ресей астанасында да орын алады.

Қазақстан және Ресей көші-қон үрдістерін қарастыра отырып, Украина мемлекетінің көші-қон үрдісіне тоқталуды жөн көрдім, өйткені ТМД елдері арасындағы көші-қон үрдісі ұқсас болғанымен әртүрлі қарқында өсуде немесе кемуде, яғни өзгерістері әрқалай. Осыған байланысты келесі кестені қарастырамыз.

Келесі 3-кестеден Украина мемлекетінің 1990-2008 жж. ішіндегі көші-қон үдерісіндегі кему және өсу қарқындылықтарын көре аламыз.

3-кесте

Украинаның 1990-2008 жж. ішіндегі көші-қон үдерісіндегі кему және өсу қарқындылығы (мың адам)

облыстар	жалпы кему (өсу)	табиғи кему (өсу)	механикалық кему (өсу)
Украина	-113,6	-103,5	-10,1
Қырым	-54,0	-84,7	+30,6
Киев обл.	-120,0	-129,0	+9,3
Киев қ.	+50,9	-27,8	+78,7
Харьков обл.	-137,8	-138,4	+0,6
Одесса обл.	-95,3	-97,0	+1,7
Черновицк обл.	-31,0	-13,8	-17,2
Херсонск обл.	-122,3	-81,7	-40,6

Әдебиет көзі: Украина мемлекетінің статистикасы комитеті, 2008 ж.

Берілген 3-кесте бойынша 19 жыл ішінде Украинаның көші-қон үдерісі барлық облыстарға бірдей әсер етпегендігі көрінеді. Жалпы халық өсімі тек Киев қаласы бойынша +50,9 тең, ал механикалық өсімі кестедегі 8 аймақтың тек 5-де ғана оң көрсеткішті береді. Украина елінде де солтүстік және ауа-райы нашар аудандарға келіп қоныстанушылар саны кемде кем болып отыр, оған дәлел кесте көрсеткіштері.

Келесі 4-кесте бойынша еуропалық мемлекеттердің халықтарының өзгерісімен таныса аламыз. 4-кестеде еуропалық мемлекеттерінің демографиялық жағдайлары жақсы көрсеткішті бермейді. Осы бөлімде келтірілген мысалдарға байланысты Ресей, Украина мемлекеттерінің халық санының азаюын 2009 жылғы Әлемдік демография орталығы есептеулеріне сүйене отырып, Еуропаның он мемлекетінің ішінде тек үшеуінде ғана болашақта халық санының өсімі байқалады, яғни олар Франция, Ұлыбритания және Нидерланд елдері. Қалған жетеуінің демографиялық ахуалы төмен, өсім мүлде жоқ.

Еуропалық мемлекеттер бойынша халықтар өзгерісі, (млн.адам)

№	Мемлекет	2009 ж. халық саны	Мемлекет	2050 ж. халық саны
1	Ресей	141,8	Ресей	116,9
2	Германия	82,0	Германия	71,4
3	Франция	62,6	Франция	70,0
4	Ұлыбритания	61,8	Ұлыбритания	76,9
5	Италия	60,3	Италия	61,7
6	Испания	46,9	Испания	43,9
7	Украина	46,0	Украина	35,3
8	Польша	38,1	Польша	31,8
9	Румын	21,5	Румын	18,1
10	Нидерланд	16,5	Нидерланд	17,3

Әдебиет көзі: 2009 World Population Data Sheet, Population Reference Bureau. Wasington, DC

Менің ойымша осындай жағдайдың қалыптасуының негізгі себебі, өңірлер бойынша орналасқан халық тығыздығы мен кейінгі жылдарда орын алып отырған табиғат өзгерістері әсері. Сонымен қатар халықтың аз орналасқан аймақтарына мемлекет тарапынан әлеуметтік көмектердің өсуі мен қосымша жұмыс орындарының ашылуы өз кезегінде аймақтардағы халықтардың тұрақты мекендерін ауыстырып, екінші жерге орналасуын едәуір тежер еді.

Осы мақаланы қорытындылай келе, шетел көші-қоны үдерісін реттеу тәжірибелеріне, соның ішінде Ресей Федерациясы бойынша тоқталсақ, халық санының көбеюі нақты уақытта көші-қон үдерісінің негізінде өсуін анықтаймыз. Қазіргі дағдарыс уақытсында көші-қонды реттеуге қомақты қаржыны керек ететіні белгілі, осыған орай осы үдерісті үлкен деңгейде реттеп отыру мен бақылау қаржы шектеулігімен де байланысты. Шешен мемлекетін қалпына келтіру қызметтері де қаржы шығындарын өсіруде. Егер Қазақстан Республикасымен салыстыратын болсақ, онда көші-қонды реттеудің қосымша тағы бір әдісі дасколоскопия әдісі екені белгілі болды. Қазақстандағы қоныстанушыларды тіркеудің әдісі тек «Оралман» электронды жүйесі ғана болыр отыр, өйткені кейбір аймақтар бойынша екі рет тіркеуден өту жолдарының шығуына байланысты болған еді.

Меніңше көші-қон үдерісін реттейтеуде заңнамаға толықтырулар енгізуді қажеттігі туындап отыр. Өйткені, қоныстанушыларды солтүстік өңірлерге квота белгілеудегі берілетін мемлекеттік жәрдемақыны көтеріп, осы арқылы қоныстанушылардың көлемін өсіру қажеттігі туындайды. Өйткені, халықтың орналасуын осы уақыттан бастап, қатаң бақылауда ұстап ретке келтірмесе, болашақта орналасып, жергілікті жерге бейімделген қоныстанушыларды қайта ауыстыру мүмкіндігі жоғалады.

Әдебиеттер

1. Ресей Федералды статистика қызметі, 2008-2009 жж.
2. Орешкин В.А. «Иммиграционная политика России», Внешнеэкономический бюллетень, 2003.,№ 11. с.49
3. Регент Т.М. «Российское государство –вынужденным переселенцам и беженцам». - М., 1998
4. Вестник., Форум переселенческих организаций. 2005 № 3.март.с.7
5. Регент Т.М. «Российское государство – вынужденным переселенцам и беженцам». - М., 1998
6. http://www.fms.gov.ru/press/news/news_detail.php?ID=32753

Стратегический курс политики Российской Федерации в сфере миграции направлен на стабилизацию общей численности населения и содействие устойчивому социально-экономическому развитию страны, реализацию ее национальных и геополитических интересов на период до 2015 года. Эффективность социально-экономических преобразований в РФ в значительной мере зависит от обеспечения ее потребности в трудовых ресурсах. В то же время начиная, с 1992 года наблюдается сокращение общей численности населения страны вследствие происходящих в стране демографических процессов. Население страны к 2026 году по данным Госкомстата может измениться до 125 млн. человек. В этой связи иммиграция превращается в одно из стратегических направлений миграционной политики России.

Strategic Direction Policy of Russia on migration aimed at stabilizing the population and promotion sustainable socio-economic development, the implementation of its national and geopolitical interests in the period up to 2015. The effectiveness of the socio-economic transformations in Russia largely depends on ensuring that its needs in the workforce. At the same time, starting in 1992 a decline in the total population due to take place in the country of demographic processes. The population in 2026 according to stat. agency may change up to 125 million people.

In this context, immigration is emerging as one of the strategic directions of migration policy of Russia.

К.Н. Муканов

ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ РЫНОЧНЫХ МЕХАНИЗМОВ В ИННОВАЦИОННОЙ ПОЛИТИКЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Переход к рыночной экономике предполагает развитие конкуренции и снижение роли государственного регулирования. В то же время на основе лишь рыночных принципов невозможно кардинально преобразовать материально-техническую базу общества [1]. Ставка на реализацию задач НТП без вмешательства государства довольно распространенное заблуждение. Ряд функций, прежде всего разработка и осуществление научно-технической и инвестиционной политики, должны оставаться объектом государственного регулирования.

Необходимость государственного регулирования инновационных процессов объясняется не только их общенациональным значением, но и экономическим содержанием [2]. С одной стороны, в настоящее время инновации становятся основным средством увеличения прибыли хозяйствующих субъектов за счет лучшего удовлетворения рыночного спроса, снижения производственных издержек по сравнению с конкурентами. С другой стороны, в условиях классических рыночных механизмов получение научно-технических результатов было бы существенно затруднено, а многие инновации не внедрены в хозяйственную практику. Деятельность крупных корпораций в значительной степени модифицирует механизмы совершенной конкуренции и позволяет частично интегрировать научно-инновационные процессы в общий воспроизводственный цикл [3]. Ограниченность рыночных механизмов как среды продуцирования и распространения инноваций можно проследить по ряду направлений:

1. Совершенствование процессов научного познания делает НИОКР все более дорогостоящими, а новые научные результаты достигаются высококвалифицированными, т. е. высокооплачиваемыми, кадрами; при этом опережающими темпами растет фондовооруженность научного труда. Поэтому отдельным хозяйствующим субъектам невозможно сконцентрировать средства, необходимые для осуществления масштабных инноваций. Кроме того, кооперация представителей различных областей науки и техники также требует дополнительных расходов. Еще больших затрат требует реализация нововведений. Это значительные капитальные вложения, связанные с техническим переоснащением производства, расходы на поиск и приобретение научно-технической информации, прогнозирование конъюнктуры, обучение персонала, организационные мероприятия, а зачастую и на модификацию сложившихся взаимосвязей с поставщиками ресурсов и потребителями продукции и услуг. Немалых затрат требуют экспертиза, патентование, сертификация новой продукции и т.д.

2. Общеизвестно, что многие инновации могут оказаться экономически эффективными лишь при масштабах внедрения, превосходящих определенный критический минимум, и наличии достаточно емкого рынка. Поскольку абсолютные масштабы расходов на НИОКР и внедрение инноваций возрастают, увеличивается и доля условно-постоянных затрат в производственных издержках отдельного хозяйствующего субъекта, имеющего ограниченную производственную базу и лимитированный рынок сбыта продукции, инновационные вложения могут оказаться недостаточно прибыльными, так как он не сможет получить значительную экономию на масштабах производства. Особенно характерна такая ситуация для отраслей с низкой скоростью оборота капитала.